



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Макросауалнама: сарапшылар инфляция мен базалық мөлшерлеме бойынша болжамдарын жаңартты

Астана қ.

2026 жылғы 27 тамыз

Қазақстан Ұлттық Банкі сарапшылар қауымдастығы арасында жүргізілген кезекті макроэкономикалық сауалнаманың нәтижесін [жариялады](#).

Сарапшылар Brent маркалы мұнай бағасы, Қазақстан экономикасының өсуі, инфляция, базалық мөлшерлеме, тауарлар мен қызметтердің экспорты және импорты, сондай-ақ теңге бағамы бойынша болжамдарын ұсынды.

Мұнай бағасы мен экономиканың өсуі

Мұнай бағасына қатысты сценарийлік шарттар айтарлықтай өзгерген жоқ: 2026 жылға Brent маркалы мұнай бағасы бойынша күтулер біршама төмендеп, барреліне **82,7** АҚШ долларын құрады. 2027 жылға болжам барреліне **75** АҚШ доллары деңгейінде сақталса, 2028 жылға арналған болжам аздап өсіп, **73,7** АҚШ долларына дейін көтерілді.

Қазақстан экономикасының өсуіне қатысты болжам бүкіл кезеңде өзгеріссіз қалды. ЖІӨ өсімі 2026 жылы **4,8%**, 2027 жылы – **4,6%**, 2028 жылы – **4,3%** деңгейінде күтіледі.

Инфляция мен базалық мөлшерлеме

Сарапшылар 2026 жылға арналған **инфляция** болжамын 10% деңгейінде сақтады. 2027 жылғы болжам 7,8%-дан 8,5%-ға, 2028 жылғы болжам 6,8%-дан 7%-ға дейін өсті.

2026 жылға арналған **базалық мөлшерлеме** бойынша күтулер медианасы **16%** деңгейінде сақталды. 2027 жылғы болжам 12,8%-дан **13%**-ға дейін өсті, ал 2028 жылғы болжамның көрсеткіші 10,6%-дан **10,5%**-ға дейін біршама төмендеді.

Сауалнамаға қатысушылардың құрамы туралы

Сауалнамаға Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштерін талдап, болжаумен айналысатын **15 ұйым** қатысты. Респонденттер қатарында нарықтың кәсіби қатысушылары, зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар мен рейтингтік агенттіктер болды.

Айта кетейік, макроэкономикалық сауалнамада **Ұлттық Банктің болжамдары қамтылмайды**. Сауалнама нәтижесі нарықтың кәсіби қатысушыларының тәуелсіз пікірлерін, бағалаулары мен күтулерін көрсетеді.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz